



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№ 14 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І
2007 ЖЫЛҒЫ 2 СӘУІР

Халықаралық резервтер, ақша базасы,
Ұлттық қордың шоттарындағы ақша
қаражаты және ағымдағы жылдың сәуірінде
ноталар шығару кестесі туралы

1. Халықаралық резервтер және ақша базасы. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің халықаралық резервтері (Ұлттық Қордың ақшасын ескермей) және ақша базасы 2007 жылғы 30 наурызда мынадай болды:

	Ағымдағы бағамен	Тұрақты бағамен ¹
Таза халықаралық резервтер, млн.долл.	21 560,0	21 499,2
оның ішінде:		
ЕАВ таза активтер ²	20 109,5	20 109,5
Алтын	1 450,4	1 389,7
Ақша базасы, млрд. теңге	1 584,0	1 584,0
Аз ақша базасы ³ , млрд. теңге	1 274,6	1 274,6
ҚРҰБ-дегі ЕДБ-дің мерзімді депозиттері ⁴ , млрд. теңге	309,2	309,2
KZT/USD (кезең аяғында)	123,75	127,00
Алтынның бағасы (1 трой унциясы үшін USD-мен)	663,50	635,70

1 2006 жылдың аяғындағы теңгенің АҚШ долларына бағамы және алтынның бағасы көрсетілген.

2 ЕАВ-мен таза активтер – бұл ЕАВ-ғы жалпы активтер мен міндеттемелер арасындағы айырмашылық

3 Аз ақша базасы – ҚРҰБ-нің ЕДБ мерзімді депозиттері ескерілмеген ақша базасы

4 ЕДБ – екінші деңгейдегі банктер

2007 жылғы наурызда Ұлттық Банктің халықаралық резервтері төмендеді.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің ағымдағы бағасы 1,3 % (немесе 285,7 млн. долл.) төмендеді.

Ішкі валюта нарығында валюта сату, екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық Банктегі шетел валютасымен корреспонденттік шоттарындағы қалдықтардың төмендеуі, сондай-ақ Қаржы министрлігінің сыртқы борышына қызмет көрсету және Ұлттық қордың активтерін толықтыру бойынша операциялардың жүргізілуі, Үкіметтің шотына валютаның түсуіне қарамастан таза валюта қорларының (СКВ) 270,2 млн. долл. төмендеуіне әкелді. Алтынмен активтер оның әлемдік рыноктардағы бағасының 1,99%-ға төмендеуі нәтижесінде 15,5 млн. долларға азайды.

Тұрақты бағамен Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 1,2 %, ЕАВ-мен таза активтер - 1,3 % төмендеді, алтынмен активтер 1,0% өсті.

Елдің халықаралық резервтері жалпы алғанда (ағымдағы бағамен) яғни, Ұлттық Қордың ақшасын (алдын-ала деректер бойынша – 15 879,6 млн. долл.) қоса алғанда 0,1% елеусіз ұлғайды және 37 446,3 млн. долл. болды.

2007 жылғы наурызда Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің төмендеуі ақша базасының 0,3 % (немесе 4,0 млрд. теңгеге) тарылуына байланысты болды.

2. Ұлттық қордың шоттарындағы ақша қаражаты. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының (бұдан әрі – Қор) шоттарындағы конвертациялауға жататын ұлттық валютадағы сома 2007 жылғы 1 сәуірде **17,6 млрд. теңге болды.**

Қордың активтерін конвертациялау және қайта конвертациялау ережесіне сәйкес Ұлттық Банк Қордың ақшасын одан әрі инвестициялау мақсатында 2007 жылғы сәуірдің ішінде осы соманы рұқсат етілген құралдарға конвертациялауды жүзеге асырады. Конвертация Ұлттық Банктің шетел валютасындағы алтын-валюта активтерінен немесе шетел валютасындағы қаржы құралдарынан Ұлттық Банктің операция жүргізілген немесе операция жүргізу сәтінде қалыптасқан бағам бойынша ішкі валюта нарығында теңгемен шетел валютасын сатып алу күнгі ресми бағамы бойынша сату арқылы жүзеге асырылады.

Бұл ретте Қорға теңгемен түскен түсімдер Қордың кепілдік берілген трансферттің бекітілген көлеміне сәйкес ағымдағы айдың соңында немесе келесі айдың басында жүзеге асырылатын кепілдік берілген трансферттер түріндегі шығыстары үшін жеткілікті соманы жинақтағанға дейін бір айдың ішінде конвертацияланбайды.

3. 2007 жылғы сәуірдегі Ұлттық Банктің ноталарын шығару кестесі.

2007 жылғы сәуірде Ұлттық Банк Кестеге сәйкес қысқа мерзімді ноталардың 4 аукционын өткізеді:

күні	Айналу мерзімі, күн	Шығарудың жарияланған көлемі, млрд. теңге
06.04.2007	28	200
13.04.2007	91	200
20.04.2007	28	200
27.04.2007	28	200